

**Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 06 тамыздағы № 272 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 10 қыркүйекте № 2848 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 03 желтоқсандағы № 371 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 03.12.2019 № 371 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Кербұлақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Алиев*

Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы " 06" тамыздағы "Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 272 қаулысына қосымша

**Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

---

Аудан атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны			Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		
Кербұлақ ауданы	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күн қатыспайтын шағын орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күн қатыспайтын шағын орталықтар
	422-422	200-475	40-115	16631-18297	8783-9010	3199-2723

### кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардың бір айға төлемақы мөлшері (теңге)			Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күн қатыспайтын шағын орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн қатысатын шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күн қатыспайтын шағын орталықтар
6700-6760	7000-6000	0-0	12850-19764	7984-8752	0-0